

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы**



П. Ибрагимов
07
2024 жыл

**Диссертациялық кеңес туралы
ЕРЕЖЕ**

Е ҚазҰАЗУ ДК- 432


Сапа жөніндегі басшылық
өкілі

М.Алексеева

Алматы

Дайындаушылар:

Басқарма Төрағасы - Ректордың
Бірінші орынбасары



(Колы)

П. Ибрагимов

«___» _____

2024 г.

Фылым департаментінің
директоры


(Колы)

А.Султанов

«___» _____

2024 г.

Фылым департаментінің жетекші
маманы


(Колы)

К.Баймұханбетова

«___» _____

2024 г.

Келісімделді:

Аппарат жетекшісі



(Колы)

Ж.Базарбаева

«___» _____

2024 г.

Құқықтық қамтамасыз ету
бөлімінің басшысы


(Колы)

А.Алтаев

2024 г.

СМЖ қызметінің басшысы


(Колы)

В.Жамурова

«___» _____

2024 г.

Диссертациялық Кеңес туралы Ережеде диссертациялық кеңесті қалыптастыру және оның докторлық диссертацияларды қорғау кезіндегі жұмысын ұйымдастыру ережелері қамтылған.

Диссертациялық Кеңес туралы ереже университеттің Фылыми кеңесімен қаралып, мақұлданды, 28 маусым 2024ж. хаттама №12.

Мазмұны

1	Жалпы ереже	4
2	Диссертациялық кеңес қызметін ұйымдастыру	4
3	Диссертациялық кеңестің функциялары	8
4	Диссертацияны алдын ала сараптау	8
5	Диссертацияны қарастыруға қабылдау	12
6	Диссертацияны қорғау кезіндегі диссертациялық кеңестің жұмыс тәртібі	16
7	Аттестациялық істі сақтау тәртібі	19
8	Апелляцияны өткізу тәртібі	21
9	Қосымша 1. Диссертациялық кеңес мүшелігіне үміткерлер туралы ақпарат	22
10	Қосымша 2. Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп	23
11	Қосымша 3. Диссертацияны алдын ала қарауға қабылдау өтініші	24
12	Қосымша 4. Фылыми кеңесшінің пікірі	25
13	Қосымша 5. Жарияланған еңбектер тізімі	26
14	Қосымша 6. Аңдатпа	27
15	Қосымша 7. Этикалық комиссияның қорытындысы	28
16	Қосымша 8. Ресми рецензенттің жазбаша пікірі	29
17	Қосымша 9. Диссертациялық кеңестердің тоқсандық есебі	32
18	Қосымша 10. Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парагы	33
19	Қосымша 11. Докторант туралы мәлімет	34
20	Диссертациялық кеңес туралы ережемен танысу парагы	35

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Осы Диссертациялық кеңес туралы ереже «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚазҰАЗУ) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бүйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесіне, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 294 бүйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бүйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бүйрығымен бекітілген Дәрежелерді беру қағидаларына, 2016 жылғы 25 шілдедегі №468, 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №512, 2020 жылғы 30 сәуірдегі №170 және 2021 жылғы 9 наурыздағы №98, 2023 жылғы 9 қантардағы №7 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бүйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы) бүйрықтарына сәйкес әзірленген.

1.2. ҚазҰАЗУ жанындағы диссертациялық кеңестерде диссертация қорғаған докторанттарға философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелері (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №512 бүйрығы) өз бетінше беріледі.

Осы ережеде қолданылған жалпы анықтамалар:

- 1) диссертациялық кеңестер – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарының (бұдан әрі – ЖОО) жанындағы алқалы органдар;
- 2) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор – ғылыми-педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын менгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәрежелер.

1.3. Диссертациялық кеңес:

- докторант диссертациялық жұмыс немесе жариялаған мақалалар сериясы түрінде ұсынған сәйкестігін дәрежелерді беру Ережелерінде (бұдан әрі - Ережелер) белгіленген критерийлермен анықтайды;
- философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін береді;
- осы Ережеде көрсетілген тәртіппен өзінің қызметі туралы талдау жасайды және есеп береді;

2. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1. Диссертациялық Кеңес диссертацияларды қорғау жөнінде қабылданатын шешімдердің сапасына, объективтілігіне және негізділігіне жауап береді.

2.2. Диссертациялық Кеңес PhD докторантура білім беру бағдарламаларының (мамандықтарының) тізбесіне сәйкес тиісті бағыттар бойынша докторантура болған жағдайда жұмыс істейді және күнтізбелік 3 (үш) жыл мерзімге құрылады, Басқарма Төрағасы - Ректорға есеп береді, ҚазҰАЗУ мөрлөрі мен бланкілерін пайдаланады.

2.3. Диссертациялық кеңестің құрамы 7 (жеті) адамнан аспауы тиіс. Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінде ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе

философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар.

Диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі басқа ЖЖОКБҰ-лардың, ғылыми және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 4 (төрт) мүшесі, оның ішінде төраға, төраға орынбасары және ғалым хатшы тұрақты мүшелер болып табылады.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде докторанттың ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар:

1) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алғынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалысіzlілер (ага-қарындастар), ата, әже, немерелер;

2) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖЖОКБҰ-ның және (немесе) ғылыми ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірге жариялаған мақалалардың және шолулардың тең авторлары;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе рецензенттер болған мамандар тағайындалмайды.

2.4. Диссертациялық кеңестің құрамына:

1) диссертациялық кеңес құрылған ҚазҰАЗУ-ның ректоры;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 (бес) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша ғылыми консультанттар, жетекшілер болған мамандар кірмейді.

2.5. ҚазҰАЗУ жаңындағы диссертациялық кеңестер құрамында кеңес мүшелерінің бірі шетелдік ғалым болып табылады. Диссертациялық кеңес мүшелерінің жарияланымдарына қойылатын талаптарды ҚазҰАЗУ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлікінің Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге, 2024 жылғы 14 маусымдағы №294 бұйрығына сәйкес белгілейді.

2.6. ҚазҰАЗУ жаңындағы диссертациялық кеңестің кемінде 4 (төрт) мүшесінде халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болады:

1) 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өндіріс және құрылым салалары, 8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, 8D09 Ветеринария, 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина), 8D11 Қызмет көрсетулер білім беру салалары бойынша соңғы 5 (бес) жылда Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кемінде 3 (үш) жарияланым;

Е ҚазҰАЗУ ДК - 432. Диссертациялық кеңес туралы ереже.

2) басқа білім беру салалары үшін соңғы 5 (бес) жылда Web of Science Core Collection (Вэб оғ Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері (Артс әнд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) деректер базасында индекстелетін және Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректеріне сәйкес алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кемінде 2 (екі) жарияланым;

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала ретінде соңғы 5 (бес) жылда – сенімді баспаларда немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оғ Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверситети) топ-100 (жүз) рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монография ескеріледі. Жоғарыда көрсетілген монографияда тарау болған жағдайда (ізденушіге кемінде 3 (үш) баспа табағы тиесілі) ол халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 (бір) мақала ретінде есепке алынады.

2.7. Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы мен ондағы өзгерістер, сондай-ақ төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы ҚазҰАЗУ-дың Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы-ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Диссертациялық кеңестің төрағасы:

- диссертациялық кеңестің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- кеңес отырыстарын өткізеді;
- белгіленген талаптарға сәйкес диссертацияны қорғауды жүргізу құқығының сақталуын қамтамасыз етеді;
- диссертациялық кеңестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты.

Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары:

- егер кеңес төрағасы қорғалатын диссертация бойынша ғылыми кеңесші болып табылса, сондай-ақ диссертациялық кеңес төрағасы болмаған жағдайда, кеңес отырысын өткізу жөніндегі диссертациялық кеңес төрағасының функцияларын орындайды;

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы:

- докторант ұсынған құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру;
- қорғауға қабылдау және қорғауды өткізу рәсімдерін ұйымдастыру;
- ғылыми кеңес отырыстарындағы кворум;
- диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізу үшін қажетті құжаттаманы дайындау;
- диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабарды жолдау;
- диссертацияны "Антиплагиат" жүйесі бойынша тексеруге, ҚазҰАЗУ кітапханасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына, реєстрированным рецензенттерге жіберу;
- диссертациялық кеңестің сайтында материалдар мен ақпаратты орналастыру;
- диссертациялық кеңестің отырысын, оның ішінде бағдарламалық және техникалық құралдарды дайындау;

Е ҚазҰАЗУ ДК - 432. Диссертациялық кеңес туралы ереже.

- диссертациялық кеңестің құжаттарын ресімдеу;
- философия докторы (PhD) дәрежесін беру (беруден бас тарту) бойынша диссертациялық кеңес қабылдаған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есепті және диссертациялық кеңестің күнтізбелік жылдағы жұмысы туралы есепті дайындау;
- қорғау рәсімін бақылау;
- докторанттардың құжаттар мен материалдарды уақтылы ұсынуын қадағалау.
- диссертацияны қорғағаннан кейін докторанттың аттестаттау ісін қалыптастыру;

Хат-хабарлар ғалым хатшының ресми корпоративтік поштасынан жолданады. Ғалым хатшының міндеттерін басқа адамдарға, оның ішінде докторантқа жүктеуге жол берілмейді.

2.8. ҚазҰАЗУ-да диссертациялық кеңестер осы Үлгі ереженің 3 немесе 3-1-тармақтарының талаптарына сәйкестігі туралы Комитетті хабардар ете отырып, 3 (үш) жұмыс күні ішінде дербес құрылады.

Диссертациялық кеңес құру туралы ақпарат ҚазҰАЗУ-дің ресми сайтында Басқарма Төрағасы - ректордың бүйрығы жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады.

Жолданым/шағым болған жағдайда Комитет тиісті диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңесте өткен қорғау рәсімін тексереді.

2.9. ҚазҰАЗУ қамтамасыз етеді:

1) диссертациялық кеңестің отырыстарын және диссертацияларды ашық турде қорғауды өткізу үшін қажетті жағдайлармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарын пайдалануын;

2) диссертациялардың мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша тексерілуін;

3) диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығыстарын төлеуді қамтамасыз етеді (ҚазҰАЗУ профессорлық-оқытушылық құрамының оку жұмысын және оку жүктемесін жоспарлау Ережелері).

2.10. Белгілі бір білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша диссертациялық кеңесті жабудың негіздері:

1) докторантқа дәреже беруден бас тартуға немесе қайта қорғауға жіберуге негіз болған осы кеңесте қорғалған диссертациялар бойынша 3 (үш) және одан да көп шешімі;

2) докторантуралық тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензиясынан айыру;

3) докторантуралық білім беру бағдарламасының аккредиттеу мерзімінің аяқталуы немесе аккредиттеуді кері қайтарып алу;

4) осы Үлгі ереже талаптарының бұзылуы анықталған 5 (бес) қорғауды өткізуі.

Диссертациялық кеңес жабылғаннан кейін осы кеңесті білім беру бағдарламалары бойынша құру туралы өтінім 1 (бір) жылдан кейін беріледі.

Диссертациялық кеңестің осы Ережеде белгіленген талаптарды бұзуы диссертациялық кеңестің тұрақты құрамын ауыстыруға негіз болады (3 (үш) қорғау бұзушылықтармен өткен жағдайда).

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері туралы ақпарат **1-көсімшаға** сәйкес келтірілген.

3. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТИҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

3.1. Диссертациялық кеңестің функциялары:

- 1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;
- 2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;
- 3) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;
- 4) диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;
- 5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

3.2. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

- 1) обьективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;
- 2) диссертация қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- 3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;
- 4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;
- 5) мұдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;
- 6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармакта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

3.3. Күнтізбелік жыл аяқталған соң диссертациялық кеңес осы Үлгі ережеге 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша Комитетке диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп береді.

3.4. Диссертациялық кеңес өз қызметі туралы ақпаратты университеттің ресми сайтында орналастырады: <https://www.kaznaru.edu.kz/>.

4. ДИССЕРТАЦИЯНЫ АЛДЫН АЛА САРАПТАУ

4.1. Диссертациялық кеңес докторант ұсынған диссертацияны диссертациялық жұмыс немесе докторант жариялаған мақалалар сериясы түрінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген Дәрежелер беру ережесінің 5-1-тармағының талаптарына сәйкес жүргізеді.

4.2. Кафедрада диссертация алдын-ала қаралуы үшін докторант төменде аталған құжаттарды ұсынады:

- 1) ҚазҰАЗУ ғылыми кітапханасынан диссертацияның ӘӨЖ алу;
- 2) Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында (бұдан әрі – ҰМФТСО) диссертацияның техникалық рәсімделуін (нормобақылау) тексеру;
- 3) ЖОО-ның плагиатқа қарсы жүйесі бойынша өтініш жазу және тексеру нәтижелерін алу (StrikePlagiarism.com);
- 4) Егер бітіргеннен кейін 3 жыл өтсе, кафедрада диссертациялық зерттеудің ғылыми негізdemесін (research proposal) бекітуді алуға құқылы;
- 5) Докторантуралық оку жоспарын менгергендігі туралы транскрипт алу. Игерілмеген кредиттердің бар немесе жоқтығына, сондай-ақ Platonus және NOBD

ақпараттық базаларын пайдалана отырып, тексеру жүргізу (Оқу істері департаментінде);

6) Докторант білім алған ЖОО-ның ғылыми хатшысы куәландырған ғылыми жұмыстардың тізімі және олардың көшірмелері;

7) Web of Science немесе Scopus ақпараттық базасына сәйкес халықаралық ғылыми журналдардағы жарияланымдардың бар екендігі туралы YMFTCO немесе ҚазҰАЗУ ғылыми кітапханасының анықтамасы.

4.3. Докторант оқыған ЖЖОКБҰ қорғауға құжаттарды қабылдауға дейін ЖЖОКБҰ бейінді бөлімшенің не құрылымдық бөлімшесінің ғылыми (академиялық) кеңесінің кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) диссертацияны алдын ала талқылауды өткізеді.

Бұл ретте бітіргеннен кейін 3 (үш) жыл өткен соң докторант ақылы негізде диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal) қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі.

Кеңейтілген отырыс өткізуден 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензияға жолданады.

Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшениң ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ ЖЖОКБҰ-ның аралас (мәндес) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады. Диссертацияны қорғауға ұсыну туралы шешім жай көпшілік дауыспен қабылданады. Егер диссертация Дәрежелер беру қағидаларының 4, 5 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе, диссертация қорғауға жіберілмейді.

4.4. Диссертациялық кеңеске докторанттың кафедраның кеңейтілген отырысының оң шешімін алған диссертациялық жұмысы, сонымен қатар, қорғауға жіберу үшін жарияланымдар бойынша талаптар:

- JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар және Web of Science Core Collection (Веб оғ Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн индекс) деректер базасында индекстелетін) немесе Scopus (Скопус) деректер базасында **CiteScore (СайтСкор)** бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала (article) немесе шолуы (review) және **Басылымдар тізбесіндегі журналдарда 3 (үш) мақала;**

- Web of Science Core Collection (Веб оғ Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн индекс) деректер базасында индекстелетін және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар алғашқы екі квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында **Citescore (СайтСкор)** бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес)

болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала (article);

- Web of Science Core Collection (Веб оғ Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт әнд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн индекс) деректер базасында индекстегін және JCR (ЖСР) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 2 (екі) мақала (article) немесе 1 (бір) мақала (article) және 1 (бір) шолу (review);

- Elsevier (Эльзевир), Brill (Брилл), CRC Press (CRC Пресс), DeGruyter (ДеГрютер), Edward Elgar Publishing (Эдвар Элгар Паблишинг), John Wiley & Sons (Джон Уайли және Сонс), McGraw Hill (Макроу Хилл), Palgrave Macmillan (Палгрейв Макмиллан), Peter Lang (Питер Лэнг), Prentice Hall (Прентис Холл), Routledge (Рутледж), Sage Publications (Сэйдж Публикейшен), Springer Nature (Шпрингер Нэйчар), Taylor and Francis (Тейлор және Фрэнсис), Wolters Kluwer (Вольтерс Клювер) баспаларында (бұдан әрі – сенімді баспалар) немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситет Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оғ Ворлд Юниверситет) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверситет) топ-100 рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монографияда тараудың болуы (докторантқа кемінде 3 баспа табақ тиесілі).

JCR (ЖСР) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші квартильге кіретін немесе CiteScore (СайтСкор) бойынша кемінде 75 процентилі бар журналда бір ғылыми мақала болған жағдайда басқа жарияланымдар талап етілмейді.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы, конференция жинақтарындағы жарияланымдар диссертацияның мазмұнына және аталған базаларда мәлімделген журнал мен конференцияның тақырыптық бағытына сәйкес келеді, журналдың ресми сайтында, ағымдағы нөмірлерінде жарияланады және Article (мақала), Review (шолу) немесе Article in Press (басылымдағы мақала), Conference Paper, Proceedings типіне ие. Пәнаралық бағыты бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жариялауға рұқсат етіледі (Multidisciplinary).

Егер Scopus және/немесе Web of Science базасында халықаралық рецензияланатын ғылыми журналды индекстеу бұзушылықтарға байланысты тоқтатылған жағдайда, онда үміткердің осы журналда индекстеу тоқтатылған жылғы және өткен жылғы жарияланымдары есепке алынбайды.

Web of Science базасындағы журналдың квартирлі және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль жарияланған жыл не жарияланған жылдың алдындағы жыл үшін ескеріледі.

Корғауға ұсынылған диссертацияға берілген ескертулермен келісken жағдайда, докторант оларды диссертациясын диссертациялық кеңеске тапсырғанға дейін жояды.

Кеңесшілер болмаған кезде отырыста докторант диссертациясы бойынша олардың пікірлерін төрағалық етуші немесе хатшы оқиды.

4.5. Диссертацияны қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы қорытынды кафедра отырысының хаттама көшірмесі түрінде рәсімделеді, оған төраға мен хатшының қолы қойылып, жетекшілік ететін Басқарма Төрағасы - Ректордың орынбасарымен бекітіледі.

Қорытынды келесі мазмұнда болуы тиіс: зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелері, олардың негізділігі мен жаңашылдығы, ғылыми нәтижелердің тәжірибелік және теориялық маңыздылығы, олардың сенімділік дәрежесі, докторанттың ғылыми нәтижелер алуға жеке қатысуы, дәлелдеуінің қамтылуы, қорғауға ұсынылған ережелердің, диссертациялық материалдардың ғылыми дәреже, ескертулер мен ұсыныстар беру ережелерінің 5-7 тармақтарының талаптарына сәйкес басылымдарда диссертация материалдарының толық жариялануы, ұсыныстар мен ескертулер, қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы шешім.

Кафедра отырысының хаттамасына кафедра менгерушісі қол қоймайды, егер ол докторанттың ғылыми кеңесшісі болса, отырыс төрағасының міндеттері кафедраның басқа мүшесіне жүктеледі.

4.6. Кафедрада диссертацияны талқылау үшін докторант келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) түптелмеген түрдегі диссертация;
- 2) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- 3) ғылыми енбектер тізімі және олардың көшірмелері;
- 4) кәсіби оқу бағдарламасын игеру туралы транскрипт;
- 5) диссертациялық жұмыстың тақырыбын және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы Ғылыми кеңес хаттамасының көшірмесі;
- 6) диссертация бойынша бастапқы құжаттар;
- 7) ЖОО-да диссертацияны плагиатқа (докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланбағаны) тексеру туралы анықтама;
- 8) диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal).

4.7. Кафедралар отырысындағы талқылау рәсімінің тәртібі:

- докторант диссертацияның негізгі ережелерін баяндайды – 20 мин. дейін;
- кафедра отырысына қатысушылардың сұрақтары – докторанттың жауаптары;
- ғылыми кеңесшілердің сөзі немесе олар қатыспаған жағдайда пікірлерді оқиды;
- рецензенттердің сөзі;
- рецензенттердің ескертулеріне докторанттардың жауабы және олардың ұсыныстары мен кеңестеріне тұжырымдар;
- диссертация бойынша пікір-сайыс;
- ашық дауыс беру арқылы қорытынды қабылдау.

Оң шешім қабылданған жағдайда, егер окуды бітіргеннен кейін, докторант құрамынан шығарылған сәттен бастап, екі жыл өткен болса, 4 кредитті төлеу, қорғауға жіберу туралы Басқарма Төрағасы-Ректордың атына өтініш беру және бұйрық шығару үшін төлем туралы түбіртектің көшірмесін ұсыну қажет. Бұйрықтың көшірмесін алу.

4.8. Кеңейтілген отырыстың он қорытындысын алғаннан кейін докторант зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі комиссия төрағасының атына өтініш береді.

Егер басқа университеттің докторанты болса, онда ол өзінің жогары оқу орнының этикалық комиссиясының анықтамасын ұсынады.

Кафедраның кеңейтілген отырысының және зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі комиссия оң шешімін алған докторант университет Басқарма Төрағасы-Ректорының атына қандай диссертациялық кеңесте қорғайтындығы көрсетілген өтініш жазады. Егер басқа университеттің диссертациялық кеңесін докторант көрсеткен болса, онда 10 (он) жұмыс күні ішінде докторант оқыған университет өзінің құжаттарын диссертациялық кеңеске жібереді.

Кафедрада қаралғаннан кейін құжаттар диссертациялық кеңеске 3 айдан аспайтын мерзімде беріледі.

1) өтініш (**3-қосымша**);

2) ғылыми кеңесшілердің жұмыс орны бойынша куәландырылған пікірлері. Шетелдік кеңесшінің пікірінің аудармасы нотариалды куәландырылады (**4-қосымша**);

3) кафедраның немесе зертхананың (бөлімнің, орталықтың) кеңейтілген отырыстының оң шешімі;

4) түптелген диссертация 3 (үш) данада және электронды тасымалдағыштағы (CD-диск) қатты қаптамада, Диссертацияда өзінің ғылыми еңбектеріне сілтемелер болуы қажет

5) докторант оқыған жоғары оқу орнының ғалым хатшысы куәландырған ғылыми еңбектер тізімі және олардың көшірмелері (**5-қосымша**);

6) қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған (әр тілде кемінде 5 (бес) беттен), қағаз және электронды түрдегі диссертацияның андатпасы жалпы көлемі 1(бір) баспа табақтан кем емес (**6-қосымша**).

7) диссертациялық жұмыстың тақырыбын бекіту және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы Ғылыми кеңес хаттамасының (бұйрық) көшірмесі;

8) кәсіби оқу бағдарламасын игеру туралы транскрипт көшірмесі;

9) **Web of Science** компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар немесе **Scopus** деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдардың болуы туралы ҚазҰАЗУ ғылыми кітапханасының немесе MFTC ҰО анықтамасы;

10) ЖОО-да диссертацияны plagiatқа (докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланбағанын) тексеру туралы анықтама;

11) докторант оқыған ЖОО-ның жанындағы Этикалық комиссияның зерттеу обьектілерінің (тірі табиғат пен тіршілік ортасының обьектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (осы Ереженің **7-қосымшаға** сәйкес);

12) Қорғауға жіберу туралы бұйрықтың көшірмесі.

Диссертация қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінің бірінде ұсынылады.

Құжаттарды диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы қабылдайды және оларды **2 (екі)** жұмыс күні ішінде тіркеп, диссертациялық кеңеске ұсынады.

5. ДИССЕРТАЦИЯНЫ ҚАРАСТЫРУҒА ҚАБЫЛДАУ

Докторантуралың білім беру бағдарламаларын толық менгерген және Дәрежелер беру ережелерінің 5, 6, 7 талаптарына сәйкес аяқталған диссертациялар ұсынған докторанттар қорғауға жіберіледі.

Қабылдауды диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері жүзеге асырады.

Диссертация мынадай нысандардың бірінде ұсынылады:

1) диссертациялық жұмыс;

Е ҚазҰАЗУ ДК - 432. Диссертациялық кеңес туралы ереже.

2) Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші және/немесе екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған кемінде екі мақала және бір шолу немесе үш **мақала сериясы**. Мақаланың біреуінде докторант хат-хабарлардың бірінші авторы немесе авторы болады.

Осы тармақтың талаптары орындалған жағдайда 6-тармақтың талаптары докторант үшін қолданылмайды.

Диссертация қорғауға ұсынылатын мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда бір докторантқа ғана есептеледі. Мақалалардағы ғылыми нәтижелер түпнұсқа болуы керек және диссертациялық зерттеудің бекітілген тақырыбы бойынша жариялануы керек.

5.1. Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Диссертациялық кеңес туралы Үлгі ережесінің 5-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындауды. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер Басқарма Төрағасы-Ректордың немесе жетекшілік ететін Басқарма Төрағасы-Ректордың орынбасары бұйрығымен тағайындалады.

5.2. Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ақадемиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар және докторанттың зерттеу саласы бойынша кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы бар екі ресми рецензентті тағайындауды.

Диссертацияны қорғау күні диссертацияның қорғау күнін белгілеу күнінен 3 (үш) айдан аспауға тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсу кезегі сақталады.

5.3. Диссертациялық кеңес ресми рецензенттерді тағайындау кезінде ресми рецензенттердің, ғылыми консультанттардың бір-біріне тәуелді болмау принципін басшылыққа алады.

Мыналар ресми рецензент бола алмайды:

- 1) Комитет қызметкерлері;
- 2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;
- 3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің және (немесе) ғылыми ұйымдардың басшылары және қызметкерлері;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болған мамандар;

5) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (ага-қарындастар), ата, әже, немерелер.

5.4. Диссертациялық кеңес КазҰАЗУ-ның интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы келесі материалдарды

(мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа) орналастырады:

- 1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді болады) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;
- 2) диссертация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парағында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);
- 3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазак, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын). Аннотацияда қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негізdemесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады;
- 4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
- 5) ғылыми кеңесшілердің қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болатын пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
- 6) ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын);
- 7) қорғаудың толық көлемдегі бейнежазбасы, монтажға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай бойы қолжетімді);
- 8) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);
- 9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылдағаннан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);
- 10) осы Үлгі ережеге 2-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);
- 11) осы Үлгі ережеге **9-қосымшаға** сәйкес диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есеп (ерекше мәртебесі бар ЖОО-лар жанындағы диссертациялық кеңестер үшін). Тоқсандық есеп тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің қызметі мерзімінде қолжетімді;
- 12) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы дипломды беруді үйымдастыру жөніндегі мәліметтер (ерекше мәртебесі бар ЖОО-лар жанындағы диссертациялық кеңестер үшін);

13) қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің аудиосузы туралы хабарландыру (болған жағдайда);

14) диссертациялық кеңестің құрамы туралы ақпарат және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;

15) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуы туралы ақпарат;

16) докторант оқыған ЖОО-ның жаңындағы Этикалық комиссияның зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (осы Үлгі ережеге **7-қосымшаға** сәйкес);

17) диссертациялық кеңестің бейнеконференция нысанындағы online (онлайн) отырысын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат.

5.5. Диссертациялық жұмыс ҚазҰАЗУ-ның интернет-ресурсында орналастырылғаннан және (немесе) диссертация қабылдағаннан кейін (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдары бар диссертациялар қорғалған жағдайда) оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін ресми сайтта «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгімен орналастырылады.

Ресми сайтта диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауда ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

5.6. Алдағы қорғау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес қорғауға қабылдау күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жолдайды.

5.7. Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың отандық және халықаралық деректер базалары бойынша плагиатты пайдалануын тексеру үшін диссертацияны «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ҰМФТСО) жібереді. Титул беті және пайдаланылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

ҰМФТСО диссертация түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның мәтінін ашық қолжетімді түрде өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Диссертация тұрақты күйде қолжетімді болады.

5.8. Диссертацияның қағаз және (немесе) электронды тасымалдаыштағы данасы ҚазҰАЗУ-ның кітапханасына беріледі. Қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электронды тасымалдаыштағы даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді (мемлекеттік құпияларды және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа).

5.9. Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске осы Үлгі ережеге **8-қосымшаға** сәйкес нысанда жазбаша пікірлерін ұсынады.

Егер диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын болса, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақалаларының ғылыми деңгейін зерделейді. Егер мақаланың 2/3 және одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысы болмаса, оны ресми рецензент ескермейді.

Ресми рецензенттер пікірлерінде мына шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе және (немесе) онда түзетуді талап ететін ескертулер болса, диссертацияны пысықтауға жіберу. Диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын жағдайда диссертация пысықтауға жіберілмейді;

3) егер академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңашылдық, ішкі бірлік және дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген болса, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензенттер жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

5.10. ҰМFTCO анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және ҚазҰАЗУ-ның ресми сайтында бейресми пікірлерде көрсетілген плагиат фактілері болған жағдайда Диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертация қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

5.11. Диссертациялық кеңес Диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Диссертациялық кеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат ҚазҰАЗУ-ның ресми сайтында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау жағдайынан басқа).

Докторанттың диссертациясын қорғауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

5.12. Диссертацияны ҚазҰАЗУ ресми сайтында орналастыру кезінде авторлық құқықты қорғау қамтамасыз етіледі, диссертация материалдарын заңсыз көшіруден және одан әрі пайдаланудан қорғау технологиялары қолданылады.

6. ДИССЕРТАЦИЯНЫ ҚОРҒАУ КЕЗІНДЕГІ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТИҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

6.1. Диссертациялық кеңестің бір отырысында **1 (бір)** диссертация қорғалады, бір күн ішінде университетте қорғау бойынша ең көбі **2 (екі)** отырыс өткізіледі.

6.2. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда, диссертацияны қарау кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін Е ҚазҰАЗУ ДК - 432. Диссертациялық кеңес туралы ереже.

орындаған алмайды. Диссертациялық кеңес тәрағасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен тәраға орынбасарына, тәраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен оның мүшелеріне жүктеледі.

Тәраға, тәраға орынбасары мен ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының толық көлемде бейнежазбаға түсірілуін қамтамасыз етеді, монтажға жол берілмейді.

6.3. Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқанда занды болып саналады. Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады (осы Үлгі ережеге 10 - қосымшага сәйкес).

Диссертациялық кеңес мүшелері және ресми рецензенттер қорғауға бейнеконференция нысанында қатыса алады.

Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өтеді. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалатын жағдайда диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің бейнеконференция нысанында қатысуына, сондай-ақ интернетте трансляциялауға жол берілмейді.

Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация қолданбалы сипатта болса).

Диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткіzetіні туралы электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.

Диссертациялық кеңес отырысты бейнеконференция нысанында өткізгенде:

- отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;
- интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің ұздіксіз бейне- және аудио трансляциясы;
- отырыстың бейне- және аудиожазбасы;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

6.4. Диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының рәсімі келесілерді қамтиды:

- тәрағаның кворум, отырысты өткізуге құқықтың бар екендігі туралы алғы сөзі;
- ғылыми жарияланымдардың толықтығы мен сәйкестігін көрсете отырып, докторант құжаттарының нормативтік талаптарға сәйкестігін жариялау үшін ғылыми хатшының сөзі;
- докторанттың сөзі (баяндама 20 минутқа дейін);
- докторантқа қойылатын сұрақтар, докторанттың жауаптары;
- ғылыми кеңесшілердің сөзі;
- ресми рецензенттердің сөзі;
- ресми рецензенттердің ескертулеріне докторанттың жауаптары және олардың ұсыныстары бойынша қорытындылар;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің пікірталасы;
- докторанттың қорытынды сөзі;

- төрағаны қоспағанда, диссертациялық Кеңес құрамынан 3 (үш) адамнан санақ комиссиясының мүшелерін сайлау;

- тиісті төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалент бойынша докторант дәрежесін беру және бағалау туралы мәселе бойынша жасырын дауыс беруді өткізу;

- есеп комиссиясы төрағасының жасырын дауыс беру нәтижелері туралы сөз сөйлеуі, есеп комиссиясының хаттамасын бекіту;

- көпшілік алдында қорғау нәтижелерін жариялау;

- қорғау негізінде диссертация бойынша жіктеу белгілері мен диссертациялық кеңестің қорытындысын қабылдау.

6.5. Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайдаған);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

6.6. Докторанттың ғылым консультанты, тікелей басшысы немесе жақын туысы болып есептелетін диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

6.7. Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Үлгі ереженің, Қағидаларының қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан 6 айдан кем емес уақыт өткендегі осы Үлгі ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі.

Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

6.8. Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация ҰМФТСО-ға плағиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМФТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы Үлгі ереженің 6.3 тармағындағы белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

6.9. Диссертациялық кеңестің теріс шешімі қабылданған диссертация осы Ереженің 4-6 бөлімдерінде белгіленген тәртіппен қайта қорғауға ұсынылады.

Диссертация қайта қорғауға ұсынылған кезде диссертациялық Кеңес диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесін тағайындаиды, олар диссертацияда бұрын белгіленген бұзушылықтарды жою туралы қорытынды жасайды. Қорытынды ҚазҰАЗУ ресми сайтында қорғауға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастырылады және диссертацияны қорғауда оқылады.

6.10. Теріс шешімі қабылданған Диссертация диссертация қорғалған күннен кейін кемінде бір жыл өткен соң қайта қорғауға ұсынылады.

6.11. Докторантуралық білім беру бағдарламасының толық теориялық курсын менгерген, бірақ белгіленген мерзімде докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа диссертацияны бітіргеннен кейін екі оқу жылы ішінде тегін негізде, ал кейінгі жылдары ақылы негізде 4 академиялық кредит көлемінде қорғауға мүмкіндік беріледі.

7. АТТЕСТАЦИЯЛЫҚ ИСТИ САҚТАУ ТӘРТІБІ

7.1. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғалғаннан кейін 30 (отыз) күн ішінде докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды. Докторанттың аттестаттау ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

1. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (pdf);
2. осы Ережеге 11-қосымшага сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәліметтер;
3. кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс параграфы;
4. жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білімі туралы дипломдардың және оларға қосымшалардың көшірмелері (транскрипт көшірмесі);

5. докторантуралың кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскрипт көшірмесі;
 6. диссертация тақырыбын және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы хаттамадан не бұйрықтан көшірме;
 7. диссертациялық зерттеудің ғылыми негізdemесі (research proposal);
 8. диссертация, аннотация З тілде (электронды тасығышта CD-дискіде, pdf);
 9. диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың тізімі мен көшірмелері (pdf) (электронды тасығышта CD-дискіде);
 10. Web of Science компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар немесе Scopus деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдардың болуы туралы ҚазҰАЗУ ғылыми кітапханасының немесе MFTC ҰО анықтamasы;
 11. ЖОО-да диссертацияны plagiatқа (докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланбағанын) тексеру туралы анықтама;
 12. 4-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша ғылыми консультанттардың жұмыс орны бойынша расталған пікірлері (оның ішінде шетелдік ғылыми консультант пікірінің диссертация жазылған тілдегі нотариалды куәландырылған аудармасы);
 13. диссертацияның оң қорытындысымен және қорғауға ұсыныымымен орындалған кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасы;
 14. қорғауға жіберу туралы бұйрықтан көшірме;
 15. этикалық комиссиясының қорытындысы;
 16. ілеспе хат-диссертациялық кеңеске жолдама (басқа ЖОО докторанттары үшін);
 17. докторанттың Басқарма Төрағасы-ректордың атына диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініші;
 18. Диссертацияны қорғауға қабылдау туралы диссертациялық кеңестің хаттамасы;
 19. диссертацияны plagiatқа тексеру бойынша ҰМФТСО анықтамасы;
 20. 8-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша рецензенттердің жұмыс орны бойынша расталған пікірлері;
 21. осы Ереженің 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парагы;
 22. диссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау бойынша (қажет болғанда) диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнеказбасы және төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы (электронды тасығышта CD-дискіде);
 23. Есеп комиссиясының хаттамасы;
 24. ҚазҰАЗУ ғылыми кітапханасының анықтамасы;
 25. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының анықтамасы;
 26. Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық кітапханасының анықтамасы;
 27. ҰМФТСО АҚ-да тіркелген диссертацияның есептік карточкасы (ДЕК);
 28. философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор (PhD) тағайындау туралы бұйрық.
 29. істегі құжаттардың тізімдемесі.
- 7.2. Аттестаттау ісі 3 (үш) жыл бойы диссертациялық кеңесте сакталады, содан кейін ҚазҰАЗУ мұрағатына тапсырылады.**

8. АПЕЛЛЯЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

8.1. Апелляцияны өткізу тәртібін ЖОО дербес бекітеді.

Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант диссертация қорғау жүргізілген шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Басқарма Төрағасы-ректордың атына еркін түрде береді.

8.2. Апелляцияға өтініш берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Басқарма Төрағасының – Ректордың бұйрығымен тәуелсіз апелляциялық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады. Комиссия құрамына тиісті мамандық бойынша ғылыми енбектері бар тәуелсіз сарапшылар үштігі ашық дауыс беру арқылы енгізіледі. Ғылыми кеңесшілер, рецензенттер комиссия мүшелері бола алмайды.

Комиссия өз қызметінде осы Ережені және дәрежелер беру қағидаларын басшылыққа алады.

Комиссия апелляциялық өтінішті, диссертацияны, диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің материалдарын қарайды және комиссия құрылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде апелляция нәтижелері бойынша қорытынды дайындауды.

8.3. Апелляциялық комиссияның қорытындысына комиссияның барлық мүшелері қол қояды және ашық дауыс беру негізінде қарапайым көпшілік дауыспен шешім қабылданатын диссертациялық кеңеске ұсынылады.

Апелляциялық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және ҚазҰАЗУ ресми сайтында орналастырылады.

**Диссертациялық кеңес туралы
үлгі ережеге 1-қосымша**

Диссертациялық кеңес мүшелеріне үміткерлер туралы ақпарат

№	Т.А.Ә. (болған жағдайда) (мемлекеттік немесе орыс және ағылшын тілдерінде)	Дәрежесі, ғылыми атағы	Негізгі жұмыс орны	Азаматт ығы	Халықаралық ақпараттық Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базаларының деректері бойынша Хирш индексі	Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда жарияланымдар	Басылымдар тізбесіндегі журналдардағы жарияланымдар
1	2	3	4	5	6	7	8

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____
(колы)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(колы)

Мөр мерзімі «____» 20____ жыл

**Диссертациялық кеңес туралы
үлгі ережеге 2-қосымша**

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

жанындағы

(ЖОО атавы)

кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық
кеңес

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Откізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

- 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
- 2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының Зтармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;
- 3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.
5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).
6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.
7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:
 - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 2) қараудан алғыншылар тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің төрағасы

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мөр Мерзімі 20__ жылғы «__»

**Диссертациялық кеңес туралы ережеге
3-қосымша**

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы-Ректор А.Қ. Күрішбаевқа

докторанттың тегі, аты, әкесінің аты (ол
болған жағдайда

ӨТІНІШ

Менің _____ – «_____» білім беру бағдарламасы
(мамандығы) бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін

тақырыбында орындаған диссертациялық жұмысымды қарастыруға қабылдауынызды
өтінемін.

Ғылыми кеңесшілер:

1. _____.
2. _____.

Колы

Kuni

Диссертациялық кеңес туралы ережеге
4-қосымша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

— (докторанттың тегі, аты, әкесінің аты)
— «_____» білім беру бағдарламасы (мамандығы)
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған
«_____» тақырыбында орындалған
диссертациялық жұмысына

Пікір келесі тармақтардан тұруы керек:

- орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу;
- докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу;
- докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі;
- диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы;
- докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі;
- докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі;
- қорытынды.

Ғылыми кеңесші: _____

(тегі және инициалдары)

қызметі, жұмыс орны,

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы

(қолы)

Колы рассталады, мөр

Диссертациялық кеңес туралы ережеге

5-қосымша

жарияланған ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектерінің

ТІЗІМІ

тегі, аты, әкесінің аты

р/н	Жұмыстың атауы	Жұмыс түрі	Шығу мәліметтері	Жұмыс көлемі, баспа бет.	Тең авторлары
1	2	3	4	5	6

Автор

Бас ғылыми хатшы

ЕСКЕРТУ:

1. Тізімде диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстар келтіріледі. Басылымға берілген жұмыстар тізімге енбейді.
2. Тізім жарияланымдардың хронологиялық реттілігінде бөлімдер бойынша тұра нөмірленеді.
 -) ғылыми жұмыстар;
 -) авторлық күәліктер, патенттер, ақпараттық карталар, алгоритмдер;
 -) оқу-әдістемелік жұмыстар.
3. 2-бағанда жұмыстың толық атауы келтіріледі;
4. 3-бағанда жұмыстың түрі (монография, кітапша, оқу құралдары және т.б.).
5. 4-бағанда әдебиеттің библиографиялық сипаттама ережелеріне сәйкес жұмыстың жариялану уақыты мен орны келтіріледі (басылым, мерзімді басылым нөмірі, жыл) немесе оны депозиттеу (ұйым, мемлекеттік тіркеу №, депозиттеу жылы, мазмұндау дереккөздері), ғылыми мақалалар жинағының атауы және сипаттамасы (жоғары оқу орны арасында, тақырыптық және т.б.), баяндамалар ұсынылған симпозиумдар және конференциялар (халықаралық және т.б.), жаңалық ашудағы диплом нөмерлері, өнертабысқа авторлық күәліктер және олардың беру күні және т.б.
6. 5-бағанда жарияланымның баспа беті мен баспа беті саны көрсетіледі. Егер жарияланым тең авторлармен орындалса, онда беттердің саны бөлшекпен көрсетіледі. алымында – жұмыстың жалпы көлемі, бөлімінде – зерттеушіге тиісті көлемі.
7. 6-бағанда осы жұмыстың теңавторларының тегі және инициалдары келтіріледі. Көп авторлық ұжым құрамынан алғашқы бес адамның фамилиясы көрсетіледі, содан кейін және т.б., барлығы _____ адам».

Диссертациялық кеңес туралы ережеге
6-қосымша

АНДАТПА

(докторанттың тегі, аты, әкесінің аты)

_____ – «_____» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) _____ – дәрежесін алуға ұсынған
«_____» тақырыбында орындалған
диссертациялық жұмысына

Зерттеу тақырыбының өзектілігі;
Диссертациялық зерттеудің мақсаты;

Зерттеу міндеттері;

Зерттеу әдістері;

Негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар);

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы;

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі;

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі;

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады;

Диссертацияның көлемі мен құрылымы.

Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге
7-қосымша

Этикалық комиссияның қорытындысы

ЖОО атавы

1.	Докторанттың ТАӘ	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін е тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Этикалық комиссияның төрағасы

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Этикалық комиссияның хатшысы

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

**Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге
8-қосымша**

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

p/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Фылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Укіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	
2.	Фылым үшін маңыздылығы	Жұмыс фылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаган.</p>	
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды:</p> <p>1) айқындаиды;</p> <p>2) ішінара айқындаиды;</p> <p>3) айқындаамайды.</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сынни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне</p>	

		негізделген; 4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және онер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладагы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің	

		<p>қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. 	
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. 	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) бар; 2) жоқ. <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	
11.	Диссертацияға ескертулер		
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қоргалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармагына сәйкес)		

Диссертациялық көнесті туралы улгі ережеге
9-кожыншы

Диссертациялық көңестердің философия докторы (PhD), бейні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бастарту) жөнінде қабылдаған шешімдері туралы тоқсандық есеп

**Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге
10-қосымша**

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы

20__ жылғы «__» ____ диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама № ____
Докторант _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

кадрларды даярлау бағыты бойынша

диссертациясын қорғауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____

(колы, тегі және аты-жөні)

Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге
11-қосымша

Докторант туралы мәлімет

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Фото
3x4

1	Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты			
2	Докторантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оқу мерзімі)			
3	Докторантуралық мамандығы (білім беру бағдарламасы)			
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні			
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі			
6	Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)			
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)			
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:			
	Басылымдар тізбесіндегі басылымдарда			
	Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетелдік басылымда			
	халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде:			
9	шетелдік конференция материалдарында			
	Еңбек жолы			
Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі	Жұмыс орны, лауазымы		Мекеменің мекен-жайы
10	Мекен-жайы, байланыс деректері			

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

(колы, тегі және аты-жөні)

Мер, мерзімі 20__ жылғы «__»

Диссертациялық кеңес туралы ережемен танысу парагы